

Базарлардағы бір күнгі саудаға арналған біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы.

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 151 шешімі. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 маусымда № 9-10-122 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2013 жылғы 9 қаңтардағы № 02-32/24 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2013.01.09 № 02-32/24 хатымен.

2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100 – IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабы 6 тармағына сәйкес, Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй – жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарлардағы бір күнгі саудаға арналған біржолғы талондардың құны қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Базарлардағы бір күнгі саудаға арналған біржолғы талон құнын және салық салынатын объектінің бірлігінен белгіленген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" 2003 жылғы 28 наурыздағы № 244 мәслихат шешімінің күші жойылған деп таңылсын (нөмірі 2140 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2003 жылғы 20 желтоқсанында "Авангард" газетінде жарияланған, оның алдында "Базарлардағы бір күнгі саудаға арналған біржолғы талон құнын және салық салынатын объектінің бірлігінен белгіленген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" 2003 жылғы 28 наурыздағы № 244 мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 12 тамыздағы № 205 мәслихат шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, нөмірі 9-10-18 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, "Житикаринские новости" газетінде 2005 жылғы 3 қыркүйектегі № 9 жарияланған).

3. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткенінен соң қолданысқа енгізіледі.

Ж і т і қ а р а а у д а н д ы қ
Г. Алпысбаева

Қ. Қосмұхамбетов

М а с л и х а т т ы ң
2009 ж ы л ғ ы
№ 151 ш е ш і м і н е қ о с ы м ш а

**Базар аумағындағы дүңгіршектердегі,
стационарлық үй–жайлардағы (оқшауланған блоктардағы)
сауданы қоспағанда, базарлардағы бір күнгі саудаға
арналған біржолғы талондардың құны**

№ р/н	Базар санаты	Қызмет түрі	Базарлардағы бір күнгі саудаға арналған біржолғы талондардың құны (теңге)
1.	Шағын базар	Өнеркәсіп тауарларын сату	90
		Азық-түлік тауарларын, жеміс және көкөніс сату	130
		Ет, ет өнімдерін сату	130
		Балық сату	50
		Сүт және сүттен жасалған бұйымдарды, саяжай өнімдерін сату	25
2.	Орталық базар	Өнеркәсіп тауарларын сату	100
		Тұрмыстық химия тауарларын сату	90
		Өнеркәсіп тауарларын сату (шегелер, желім, шуруптар, баулар, лампочкалар)	90
		Газет сату	40
		Азық-түлік тауарларын сату	130
		Жеміс және көкөніс сату	130

	Ет, ет өнімдерін сату	130
	Балық сату	100
	Салаттар сату	60
	Сүт және сүттен жасалған бұйымдарды, саяжай өнімдерін сату	25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК